

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 1177 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің «Апаттар медицинасы орталығы» және «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемелеріне бекітілген республикалық мүлік «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетімен бірлесіп осы қаулыдан туындайтын шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

6

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 1 7 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Мемлекеттік мекеменің атауы	Мүліктің атауы	Өлшеу бірлігі	Саны
1	«Апаттар медицинасы орталығы»	Астана қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 95/2-үй мекенжайында орналасқан үй-жай	дана	1
2	«Қазселденқорғау»	Атырау қаласы, Говоров көшесі, 50-үй мекенжайында орналасқан әкімшілік ғимаратты сондай-ақ оның аумағына іргелес орналасқан:	дана	1
		50 автокөлікке арналған гараж	дана	1
		арматуралық цех	дана	1
		шатыры бар материалдық-техникалық қойма	дана	1
		кіреберіс	дана	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК